



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Ағартушылық философиясы:
Вольф және Лессинг.
Фихте мен Шеллинг



Вольф және Лессинг

Ағартушылықтың Германиядағы формасы бұл мемлекетке аса қауіпті бола қойған жоқ. Оның себебі – Пруссияның 1740–1786 жылдардағы королі Ұлы Фридрихтің Ағартушылықты қолдауы екені сөзсіз. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Германияның көрнекті философы қызметін Галль университетінде математика профессоры ретінде бастаған Кристиан Вольф (1679–1754) еді. Ол осы лауазымға Лейбництің ұсынысымен қабылданған болатын. Вольф философиямен айналысуға алғаш талпынғанда, лютеран діншілдерінің өшпенділігін тудырды және оны қызметінен кетіріп, Пруссиядан қуып жіберу үшін олар сол кездегі монархты пайдаланды. Вольфты философтармен біріктіріп тұрған нәрсе – тек осы қудалану тәжірибесі ғана; әйтпесе ол басқалардан байыптылығымен, бекзаттығымен, жүйелілігімен және жан-жақты білімділігімен ерекшеленетін. Оның рационализмі Руссоның романтикасына қарама-қарсы еді.

Вольф он жеті жыл Марбургтегі кальвиндік университетте сабақ берді, алайда таққа Ұлы Фридрих отырған кезден бастап өзінің Галльдегі қызметіне қайта оралып, өмірінің соңына дейін сол жерде жұмыс істеді. Кейін ол университеттің вице-канцлері болып, Қасиетті Рим империясының бароны деген атақ алды. Оның философиялық жүйесі классикалық аристотелизмнің, латын схоластикасының, Декарт рационализмінің және Лейбниц метафизикасының элементтерін қамтыған ауқымды әрі эклектикалық сипатта болды. Ол өзіне Лейбництің ақыл-ойдың қисындылығы принципін алып, оны метафизиканың бірегейлік принципімен қоса, іргелі негіз деп есептеді. Дүниенің өмір сүру себептерінің саны құдіреті күшті Құдайда жеткілікті, оның бар екенін дәстүрлі онтологиялық және космологиялық дәйектермен дәлелдеуге болады. Біз тіршілік етіп отырған әлем – бар болуы мүмкін дүниелердің арасындағы ең жақсысы, оны құдіретті Жаратушы еркін таңдаған.

Вольф философиясында өзіне дейінгі авторлардан алып, оны төл жүйесіне икемдеп өзгерткеннен басқа аса ерекшелік болмады. Мысалы, ол Аристотель метафизикасының хаосын ретке келтіруді өз міндеті санады. Философияның әртүрлі салаларын жіктеп, Орта ғасырда талқыланбаған табиғи теология мен жалпы метафизика («онтология») арасындағы айырмашылықтарды көпшілікке таратты. Вольфтің онтологияны «мүмкін болатын заттардың бәрі туралы ғылым» ретінде, негізгі назарын іс жүзінде тіршілік ететін нәрселерге емес, тіршілік етуі мүмкін нәрселерге аударып отырып түсінуі – шын мәнінде Ибн Сина мен Дунс Скот бағытын жалғастыру. Ол физика (бұл дүниенің шартты табиғи заңдарын экспериментті түрде зерттеу) мен космологияның (мүмкін әрбір дүниені априори зерттеу) арасына жаңа айырмашылық енгізді.

Декарт сияқты, Вольф те адам жанының тіршілік ететінін мойындап, оны өзіндік сана ұғына алатын қарапайым субстанция деп есептеді; алайда жан мен тән арасындағы байланысты ол Лейбництің алдын ала қалыптасқан үйлесіміне сүйене отырып түсіндірді. Вольфтің этикалық жүйесінің негізгі ұғымы – кемелдік. Жақсы дегеніміз – кемелдікті арттыратын нәрсе, ал зұлымдық – оны азайтады. Адамның басты ұстанымы – өзін-өзі жетілдіру, оған жалпы игілікті өрлету мен Құдайға қызмет ету кіреді. Тірі денелер, соның ішінде адам денесі немесе машина болсын, еркін еріктен ләззат алады: рационалдық таңдау сезімталдықтың барлық қысымын жеңе алады және жеңуі тиіс.

Қазір Вольфті ағылшын оқырмандары мүлдем оқымайды деуге болады. Оның философия тарихындағы маңызы – Вольф жүйесі Германияда рационалистік метафизиканың парадигмасы ретінде қабылдана бастады және кейінгі авторлардың оған байланысты өзіндік ұстанымдары қалыптасты. Бұл Иммануил Кантқа қатысты алғанда да әбден дұрыс, оның метафизикаға берген салмақты сынында көбіне Вольф доктриналарының ықпалы байқалады.

Ағартушылықтың Франция мен Ұлыбританияда қабылданған түсінігіне біршама жақын болған ойшыл – Готхольд Эфраим Лессинг (1729–1781). Лютеран пасторының ұлы әуелден-ақ шіркеуге қызмет ету үшін тәрбиеленді, алайда ол теологиядан бас тартып, Брауншвейг герцогының кітапханашысы қызметі арқылы әдеби мансапты таңдады. Философтар сияқты, ол өз ойларын эсселер мен драмалардың көмегімен жеткізді және академиялық оқулықтарды жоғары қойды.

Оның алғашқы жарияланымы – еврей философы Моисей Мендельсонмен бірге жазған «Папа метафизик» эссесі. Ол, бір жағынан, Поуптың «Адам туралы эссесінде» көрініс тапқан



Лейбниц көзқарастарына шабуыл болса, сонымен қатар философия мен поэзияны бір-бірінен мүлдем бөлек екі рухани әрекет ретінде қатаң бөліп тастау туралы жалбарыну да еді. 1776 жылы жазылған «Лаокоон» еңбегінде ол поэзия мен бейнелеу өнерін дәл осылай бөлу туралы жалынып сұрады: «Вергилийдің Лаокоон өлімін сипаттауының көркемдік әсері, – деп тұжырымдады ол, – Ватикандағы классикалық мүсінге аса сай келмейді». Аристотельдің «Поэтикасын» («Евклидтің элементтері» секілді мінсіз шығарма») бастапқы нүкте ретінде ала отырып, Лейбниц әр жағдайда ақынға ерекше, жартылай көріпкелдік рөл беріп отырды. Сонымен бірге ол романтизмнің басты тақырыптарының бірін алдын ала болжап білді.

Романтиктер сияқты, Лессинг те Спинозаға сүйсінді. Ол дүниені біртұтас, біріктірілген, құрамдас бөліктері Құдайдың санасындағы идеяларға сәйкес келетін жүйе ретінде қарастырды. Лессинг «детерминизм – ақиқат» және «еркіндік – елес» деп мойындауға дайын еді; екінші жағынан, дүниеде алдын ала болжауға келмейтін, олардың нәтижесінде құдіретті идеялардың кейбірі шартты түрде ғана ұшырасатын жағдайлардың бар екенін де қабыл алуға әзір болды. Ол Спинозаны тағдырдан қашып құтылуға болмайтынын мойындау арқылы ғана үрейден құтылу мүмкін екенін түсінгені үшін мақтады. «Мәжбүр екенім үшін, жақсы нәрсенің түбінде болатыны үшін Құдайыма алғыс айтамын», – деді ол.

Лессингтің маңызды философиялық еңбегі – «Адам тегін тәрбиелеу». Адамның тұлғасы сияқты, оның тегі де әртүрлі кезеңдерден өтеді, оқытудың белгілі бір түрлері сол кезеңдерге сәйкес келеді. Сәбиді тәрбиелеу дегеніміз – материалдық тұрғыда ынталандыру мен жазалау процесі: ал адамзаттың балалық шағы Көне өсиет дәуірі болды. Жасөспірім кезімізде тәрбиелеушілер бізге жақсы тәртібіміз үшін рухани мадақты көбірек айтады; олар өлмейтін жан үшін мәңгілік марапат саналады. Бұл тарихтың христиан діні басым болған кезеңіне сай. Алайда Лессинг Жаңа өсиетті сыни тұрғыда зерттеген еңбектерінің бірқатарында христиан Құдайының пайда болуының дәлелдері көңілге қонбайтынын көрсетуге тырысты. Лессингтің пікірінше, мүмкін фактілер туралы ең сенімді тарихи дәлелдердің өзі де құдірет мәселесіне келгенде қажетті ақиқат қорытынды жасауға жарамсыз.

Христиан діні – адам баласын тәрбиелеу кезеңіндегі бір белес қана, оның догмаларының құндылығы тым қарапайым. Кәмелетке толған адамның табиғаты христиандықтан кісінің әмбебап бауырластығына деген сенімді алуға тиіс және (Лессинг адам өлген соң оның жаны жаңа денеге ауысады десе де) моральдық құндылықтарға қандай да бір марапат үшін емес, өзі үшін ұмтылуы қажет. Француз Ағартушылығының көшбасшылары сияқты, Лессинг те діни толеранттылықты қатты жақтады; оны өзінің «Дана Натан» драмасында толық бейнеледі. Толеранттылық себептерінің бірі: адамның құндылығы оның нанымдарының дұрыстығына емес, ақиқатқа жету үшін қаншама қиындықты жеңгеніне байланысты. Бұл жаңа дәлел әлі де қолданылатын мына бір ойларда көрініс тапты:

«Егер Құдай оң қолында – барлық ақиқатты, сол қолында – мен ылғи да дәйім қателесуім үшін ақиқатқа мәңгілік ұмтылуды ұстап тұрып, маған таңда десе, мен басымды ие бойсұнып, сол қолды таңдап, «әкей, маған осыны сыйла, абсолюттік ақиқат тек саған ғана берілген» дер едім».

Фихте мен Шеллинг

Кант өмірінің соңғы күніне дейін көлемді де батыл философиялық жоба жазумен айналысты, онысы өзі қайтыс болған соң ғана жарық көрді (Opus Postumum). Бұл оның өмірінің кейінгі кезеңінде бірінші «Сынның» кейбір аспектілеріне күмәнданғанын көрсетеді. Канттың ең адал табынушылары мен шәкірттерінің арасынан оны сынаушылар шыға бастады. Бұлардың қатарынан ең алдымен Иоганн Готлиб Фихтені атауға болады, ол Кант дүниеден өткенде қырық екі жаста еді және философиялық мансабы өрлеп тұрған еді.

Фихте кедей отбасында дүниеге келіп, жастайынан қаз бағумен айналысты. Оның интеллектуалдық қабілеті мейірбан баронның назарын аударып, көп ұзамай Йена университетінде теологияны зерттеуге мүмкіндік алды. Осы оқу орнында ол Лессинг, Спиноза және Кант сияқты философтардың еңбектерімен сүйсіне танысты. Фихтенің алғашқы туындысы – «Барлық аяндарға сын» (Critique of All Revelations, 1792) деп аталды, бұл еңбектің Канттың



мәнерімен сәтті жазылғаны соншалық, жұртшылық оны ұлы философтың туындысы деп қабылдады. Кант авторлықтан бас тартты, алайда туынды өте жақсы бағаланды. Гетенің ықпалымен Фихте 1794 жылы Йена университетінің профессоры болып тағайындалды, оның әріптестерінің қатарында ұлы ақын және драматург Фридрих Шиллер болды.

Фихтенің дәрістері әуелде жақсы қабылданды, алайда көп ұзамай студенттер мен оқытушылар оларды тым пуритандық сипаты мен діни мазмұнының жұтаңдығы үшін сынай бастады. Ол 1799 жылы университеттен кетуге мәжбүр болды, сөйтіп, 1810 жылы Берлиннің жаңа университетінде декан болып тағайындалғанға дейін штаттық академиялық лауазымсыз қалды. Наполеонның Еуропадағы үстемдігі кезінде ол неміс ұлтшылдығын қайта өркендетуге бар күшін салды. 1808 жылғы «Неміс халқына үндеуінде» ол немістерді Ватерлоо шайқасында Наполеоннан жеңілуге әкелген бытыраңқылығы үшін айыптады және 1812 жылы қарсылық әскерінде өз еркімен қызмет етті. Ол 1814 жылы өзінің әскери медбике әйелінен жұққан сүзек ауруынан қайтыс болды.

Фихтенің философиялық даңқы 1804 жылы жазылған «Ғылыми ілім» (Wissenschaftslehre) еңбегімен шықты. Философияның міндеті – Кант терминін қолдана айтқанда, «тәжірибенің мүмкіндіктерін трансценденталдық баяндау» деп түсінді ол. Мұндай баяндау таза объективтіліктен (өзіндік зат) немесе еркін субъективтіліктен («Мен») басталуы мүмкін. Бірінші жол – догматизм жолы, екіншісі – идеализм жолы. Фихте мәселенің Кант ұсынған шешімін терістеп, кез келген өзіндік зат ұғымынан бас тартты. Ол дүниедегінің бәрін, барлық тұтастықты ойлаушы субъектінің еркін санасынан шығаруға ұмтылды. Осылайша Фихте өзін неміс идеализмінің ымырасыз негізін салушысына айналдырды.

Бәрі содан басталатын «Мен» дегеніміз не? Бұл өзін-өзі талдаудан бастала ма? «Менің өзіндік санам осы қимылдарды интеллектуалдық тұрғыдан түйсінбейінше, мен жылдамдықты үдете алмаймын, қолымды немесе аяғымды қозғалта алмаймын» дейді Фихте. Егер бұл теорияның мәні – индивид, жеке тұлға бүкіл әлемді жасай алады деген тұжырым болса, біз, шамасы, онша сенімсіз және тартымсыз солипсизмге тап болып отырмыз. «Бірақ бұл – бұрыс түсінік, – дедуден танбайды Фихте. – Бұл – индивидуум емес, тікелей бір рухани Өмір, ол барлық құбылыстарды, соның ішінде физикалық тұлғаларды да жаратушы».

Бұл жерде философ Құдайды меңзеп тұр. Кейін жазылған, танымалдау еңбектерінде Фихте осы ойын одан әрі дамытып: «Ақырғы «Мен» емес, Құдіретті идея өмір сүреді, бүкіл философияның негізі – осы; адамның өзі жасағанның бәрі – жарамсыз, түкке тұрмайды. Бүкіл тіршілік өздігінен өмір сүріп, әрекет етеді, болмыстан басқа ешқандай өмір жоқ және Құдайдан басқа ешқандай болмыс жоқ», – дейді. Алайда басқа бір жерде ол «моральдық реттіліктен басқа кез келген құдіретті тіршілік иесіне сену – ырымшылдық» деген пікір білдіреді. Мұнда оның теизмнен гөрі пантеизмге көбірек жақын екені айқын байқалып тұр. Фихтенің дін философиясы, оның ең адал шәкірттерінің бірі, 1798 жылы жиырма үш жасында Йена университетінің профессоры лауазымына тағайындалған әріптесі Фридрих Шеллинг атап көрсеткендей, Спинозаның философиясын еске салады. «Фихтенің философиясы сыни формада, ал Спинозаның ілімі догмалық формада болды» деп тұжырымдады Шеллинг. Ол өз идеализмінің ымырасыздығы аздау формасын – «Табиғат философиясын» дамытуды жалғастырды. Шеллингтің бұл философиясы бойынша, алғашқы Абсолют бір-бірімен қатар өмір сүретін екі тең принцип туындатады: рухани сана және физикалық табиғат. Біз бұл жерден Спинозаның елесін кездестіреміз: бастапқы Абсолют – *Natura Naturans*, материалдық табиғат жүйесі – *Natura Naturata*.

Жаңа дәуірдегі философияда натурфилософиялық мәселелерді өз заманындағы ашылған жаратылыстану ғылымдарындағы деректермен ұштастырып, сонымен қатар, біршама жаңа ойларды дүниеге келтірген Шеллингті, бұл жағынан алғанда, ешкіммен салыстыруға болмайды. Оны Фихтенің жасаған «Үлкен Мені», әсіресе табиғатты тек қана құрал ретінде түсінуі қанағаттандырмайды.

Дүниенің алғашқы бастауын Шеллинг Абсолюттен көреді. Ол – субъект пен объектінің тепе-теңдігі. Өзінің алғашқы кейпін алар болсақ, ол – өзінің субъект, иә болмаса объект екенін әлі білмейтін рух, саналы және бейсаналы іс-әрекеттің теңдігі. Сонымен Шеллингтің сөздерімен айтсақ, Абсолют «өзінің мәні бойынша идеалды да реалды да емес, ойлау да, болмыс та емес бірдеңе».



Алайда бұл бірдеңенің дамуға деген талпынысы бар. Оның алғашқы нақтылы көрінісі – ол Табиғат. Егер Фихтенің философиясында «әрекет ет!» деген талап үлкен орын алса, Шеллинг: «Бол!», – дейді.

Сонымен, Шеллингтің ойынша, алғашқы Дүниенің негізінде жатқан тепе-теңдік, оның өмірде болу құштарлығын оятып, ол табиғатқа айналады. Табиғат өзінің алғашқы өмір сүруінен бастап құнарлы, өндіре алатын күш – *natura naturans*, оны тек қана жұмсақ, қай нәрсені болмасын қабылдай алатын негіз – *natura naturata* – деп есептеуге болмайды.

Әрине, табиғат өзінің алғашқы сатыларында бейсаналық, стихиялық түрде іс-әрекетте болғанымен, ол белгілі бір мақсатқа лайықты нәтижелерге әкеле бастайды. Табиғаттың осындай даму сатыларын Шеллинг заттардың бір-біріне тартуы мен өзара итерулерінен көреді (физикалық тілмен айтқанда, гравитация мен магнетизм). Келесі сатыда табиғатта химиялық өзгерістер пайда болады, ал оның өзі электрлік процестермен тығыз байланысты. Ал бұл процестердің өзі жүре келе тіршілік әлемін дүниеге әкеледі. Осы тұрғыдан Шеллинг тіршілік жөніндегі әртүрлі преформистік көзқарастарды сынға алады.

Әрине, тіршілік дами келе өзінің ғажап туындысын – адамды Дүниеге әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда, адам мен табиғат – субъект пен объектінің бірегейлігін көрсетеді. Таза табиғаттағы гравитация (тарту) қасиеті идеалды өмірде бақылауға ауысады. Соның негізінде адамның ішкі өмірінде бірте-бірте өзіндік сана-сезім пайда бола бастайды.

Өзіндік сананың тарихын Шеллинг үш сатыдан көреді.

Бірінші сатыда ол көмескі түйсіктен шығармашылық аңдауға шейін көтеріледі. Бұл сатыда ішкі сезім мен сезілетін объект әлі бір-бірімен тең.

Екінші сатыда шығармашылық аңдаудан ұғымдарды туғызуға дейін көтеріледі (кеңістік, уақыт, себептілік, қажеттік т.с.с. категориялар пайда болады).

Үшінші сатыда ұғымдардан өзіндік санаға дейін көтеріледі, яғни субъект өзін сыртқы Дүниеге қарсы қойып, сонымен қатар өз-өзін объект ретінде тани алатын дәрежеге көтеріледі. Демек, бейсаналық тарихтан өтіп, белсенді, ерікті және саналы, табиғаттың құрсауын бұзып шығатын күшке айналады, яғни табиғат қоғамға ауысады. Бұл арада біз Шеллингтің тарих философиясына келіп тірелеміз.

Қоғам дамуының ерекшелігін Шеллинг «екінші табиғатты» жасаудан көреді: өз-өзін анықтаған субъект енді айнала қоршаған заттарды игеріп, оларды қайта жарастырып, құрып, өз еркіне көндіреді, яғни адамның шығармашылық іс-әрекетінің негізінде объективтік пен субъективтік бір-біріне өтіп, қайта қосылады. Бұл кісі Қайта өрлеу заманынан бері келе жатқан «іс-әрекет арқылы тану», «жасадың – таныдың» деген нақыл сөздерді қолдайды.

Бірақ Шеллингтің ойынша, Дүниені ең терең түрде тану басқаша жолмен беріледі. Ол – эзотерикалық (*esoterikos* – грек сөзі, ішкі, құпия деген мағына береді) жол, ол тек қана интеллектуалдық интуиция арқылы ғана болуы мүмкін. Ал оның өзі барлық адамдардың қолынан келе бермейді. Оған тек таңдаулы, аса дарынды адамдар ғана жетпек.

Шеллингтің ойынша, адамзат тарихы – мақсатқа лайықты дамып жатқан Абсолюттің дамуының ең құнды сатысы. Ол өзі тудырған адамзаттың шығармашылық іс-әрекеті арқылы іске асып жатады. Бірақ осы жолда адамдар қаншалықты талпынғанымен, Абсолютке жете алмайды. Ол мақсат тек қана адамзаттың шексіз идеалдық қоғам орнату жолымен жылжуында ғана іске асады. Сондықтан тарихта адамдар өз заманының мұқтаждықтарынан шығатын, шешуге келетін, шынайы мақсаттарды ғана қойып, соларға жетуге тырысуы қажет. Бұл идеяны қазіргі замандағы мәселелермен ұштастырсақ, онда «коммунизм қоғамы» сияқты идеалды, барлық қайшылықтар жойылған қоғамға ешқашан да кетуге болмайды, оған тек шексіз жақындай беруге болатын сияқты.

Шеллингтің ойынша, адамзат тарихы үш сатыдан өтуі қажет. Бірінші – трагикалық саты, мұнда тағдырдың ессіз күштері көне замандағы ұлы мемлекеттерді келмеске жібереді. Екінші сатыда халықтар мен әртүрлі мемлекеттер табиғи заңдылықтарға сай біріге бастайды, үшінші – әлі тарихқа келмеген болашақта – тағдыр мен табиғаттың күштері бір-бірімен ұласып, Дүниеге Мессия (Құтқарушы) келеді. Әрине, мұндай көзқарастан біз Шеллингтің бірте-бірте теософиялық ағымға өтіп бара жатқанын байқаймыз.

Шеллинг еріктік мәселесіне, Фихте сияқты, көп көңіл бөледі. Бірақ ол бұл категорияны қажеттілікпен тығыз ұштастырады.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 12. Ағартушылық философиясы. Вольф және Лессинг / Фихте мен Шеллинг

Еріктік дегеніміз – ол тарихи қажеттікті танып-білу, ал оның кілті – жеке адамдарда емес, тек қана адамзаттың қолында, өйткені әр адам өз өмірінің шеңберінде өзінің жеке мақсаттарын қойып, соған жетуге тырысады. Бірақ барлық адамдардың қосыла жеткен тарихтағы нәтижелері басқаша болып шығады.

Осы тұрғыдан өз заманының тудырған талаптарын талдай келе, Шеллинг алдағы тұрған негізгі мақсат – құқтық мемлекетті орнату деген ойға келеді, өйткені абсолюттік еріктік мүмкін емес, толығынан еріктікке ұмтылған адамдарды шектеу қажет, ал оның өзі құқтық мемлекеттің шеңберінде заңдық жолмен жасалуы ғана мүмкін. Сонда ғана нақтылы тарихи негізделген еріктік мөлшеріне жетуге болады.

Шеллингтің бұл ғажап идеясы бүгінгі Қазақстан қоғамындағы болып жатқан процестерді сараптауға жол ашады, өйткені тоталитарлық теңдіктен либерализм (еріктік) жолына өту бүгінгі таңда өте үлкен қиындықтарды туғызып отыр. Егер біреулер осы уақытқа шейін өзінің ерікті тұлға екенін жете түсіне алмай отырса, екіншілер еріктікті «ойыма не келсе, соны істеймін» дегенге теңеп, моральдық және құқтық нормалардың шеңберінен шығып, асқан арсыздықтың жолында басқалардың несібесін тартып жеуде. Осы аталған және де басқа кемшіліктерді жоюдың негізгі жолдары – ол саясаттың адамгершілік жолдан таймауында, сонымен қатар қоғамның заңдық негіздерін жетілдіруде болса керек.

Шеллингтің жүйесі өте бай, бірақ қиын, сондықтан оның еңбектері қазіргі уақытта ағылшын тілді елдерде аса көп оқылмайды. Ол өзіне қатты еліктеген және бағалаған, тіпті оның жұмыстарынан плагиат жасаумен айналысты деп айыпталған Сэмюэл Тейлор Колриджге тигізген ықпалының арқасында Шеллингті Англиядағы ең танымал философ деуге болатын шығар. Философия тарихын баяндаудың көпшілігінде Шеллинг Фихтенің идеализмі мен өзі онымен Йенада 1802–1803 жылдары философиялық журналдың редакторы ретінде қызметтес болған Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің арасындағы көпір ретінде көрсетілген.